

**"БЖЗҚ" АҚ**  
**Қоғамдық кеңесінің**  
**2025 жылғы "20" наурыздағы**  
**№29 отырысы хаттамасымен**  
**Бекітілген**

**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының**  
**Қоғамдық кеңесі туралы**  
**Ереже**

"БЖЗҚ" АҚ Қоғамдық кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер:

<b>№ р/б</b>	<b>Өзгерістер, толықтырулар енгізілді</b>	<b>Бекітілген күні</b>	<b>Хаттама №</b>	<b>Тіркеу №</b>
1.				
2.				

Алматы қаласы, 2025 жыл

Осы Ереже "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Кеңес) Қоғамдық кеңесін құру және оның жұмыс істеу шарттары мен тәртібін айқындайды.

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Кеңес "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) тәуелсіз құрылымдық емес консультативтік – кеңесші органы болып табылады.

2. Кеңесті құрудың мақсаты жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қоғамдық маңызы бар мәселелері, онымен байланысты Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері және Қордың міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары (зейнетақы төлемдерін алушылардың), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бөлігінде қызметі бойынша Кеңестің құрамына кіретін Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам өкілдерінің пікірін білдіру болып табылады.

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, онымен байланысты Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне және Қор қызметіне қатысты қоғамдық пікір білдіру;

2) Қордың қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

3) халықтың Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне және Қор қызметіне деген сенімін төмендететін мәселелерді анықтау және талқылау;

4) Қор қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

4. Кеңес өз жұмысында міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары (зейнетақы төлемдерін алушылар) аударылған жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау қажеттілігін ғана негізге алады және Қазақстан Республикасында әлеуметтік (зейнетақымен қамсыздандыру) құқығы туралы Конституциялық қағидаттарды, Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде айқындалған зейнетақымен қамсыздандыру қағидаттарын, зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жөніндегі өзге де бағдарламалық құжаттарды және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Кеңес өз жұмысын ашықтық, жариялылық, еріктілік және өзі қабылдаған шешімдер үшін Кеңестің барлық мүшелерінің тең әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарында жүзеге асырады.

6. Кеңестің шешімдері Қор үшін ұсынымдық сипатта болады.

## **2 тарау. Кеңестің өкілеттіктері. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. Кеңес мүшелерінің құқықтарын шектеу**

7. Кеңес өкілетті:

1) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелерін, онымен байланысты Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерін және Қор қызметінің мәселелерін талқылауға;

2) Қордың басқармасына немесе басқа органдарына Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасын жетілдіру және Қор қызметі мәселелері бойынша ұсынымдар (ұсынымдар) енгізуге;

3) Басқармаға немесе Қордың басқа органдарына одан әрі ұсыну үшін Қазақстан Республикасында Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және оны жетілдіру мәселелерінде міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы

жарналары (зейнетақы төлемдерін алушылардың) аударылған жеке тұлғалардың рөлін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеуге, талқылауға және қайта қарауға;

4) Қордан кеңестің ұсынымдарын Қордың қарау нәтижелері және жүзеге асырған іс-шаралары туралы ақпарат сұратуға;

5) өз жұмысының басым бағыттарын айқындауға;

6) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржы және коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерін, қаржы нарығының сарапшыларын Кеңестің отырыстарына шақыруға.

8. Кеңестің өз жұмысында келесіге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) өз жұмысын жұртшылықпен өзара бірлесе жүзеге асыруға;

3) Қордың интернет-ресурсында Кеңес отырыстарының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді және оларға арналған материалдарды жария ете отырып, кеңес отырыстары туралы ақпараттық хабарламалар жариялауға;

4) Қордың интернет-ресурсында Кеңес отырыстарының хаттамаларын, өз қызметі барысында қорға жіберілетін кеңестің жазбаша ұсынымдарын (ұсыныстарын), мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың кеңестің ұсынымдарына (ұсыныстарына) жауаптарын жариялауға;

5) өз жұмысы туралы жылдық есепті Қордың интернет-ресурсында жариялауға.

9. Кеңес мүшелерінің құқықтары:

1) Кеңестің жұмыс жоспарына мәселелерді енгізуді ұсынуға (осы Ереженің 10-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

2) Кеңестің жұмыс жоспарына және осы Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) Кеңес талқылайтын мәселелердің мәні бойынша сөз сөйлеуге, осы мәселелер бойынша шешімдер ұсынуға, осы мәселелер бойынша Кеңестің басқа мүшелері ұсынған шешімдер бойынша ескертулер мен ұсыныстар енгізуге;

4) Кеңес отырысына шақырылған адамдарға сұрақтар қоюға;

5) Кеңес отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды, сондай-ақ оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысуға, кеңестің ұсыныстарын (ұсынымдарын) іске асыруға қатысуға;

6) Кеңес отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен және Кеңес отырыстарының хаттамаларымен танысуға;

7) Кеңес шешімдерімен келіспеген жағдайда, міндетті және ажырамас қосымшалар ретінде Кеңес отырыстарының хаттамаларына қоса тіркелуге, сондай-ақ осы хаттамаларда аталуға тиіс өзінің ерекше пікірлерін жазбаша түрде білдіруге;

8) Кез келген уақытта Кеңес құрамынан шығуға (осы Ереженің 10-тармағында белгіленген ерекшелікті ескере отырып).

10. Кеңес мүшесінің қандай да бір мәселені (қандай да бір мәселелерді) кеңес жұмысының жоспарына енгізу туралы ұсынысын Кеңес төрағасы мен хатшысы Кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей алуға тиіс.

Кеңес мүшесінің Кеңес құрамынан шығу туралы өтінішін Кеңес төрағасы мен Кеңес хатшысы осындай шығудың жоспарланған күніне дейінгі күнтізбелік 10 күн бұрын алуға тиіс. Кеңес хатшысы Қордың Кеңеспен өзара іс-қимылына жауапты Қор Басқармасының мүшесін немесе оның орнындағы адамды Кеңес құрамынан шығатын Кеңес мүшесін ауыстыру жөніндегі рәсімдерді бастау қажеттігі туралы хабардар етеді.

11. Кеңес мүшелерінің міндеттері:

1) Кеңес отырыстарына және кеңес өткізетін өзге де іс-шараларға жеке өзі қатысу;

2) Кеңестің ұсыныстарын (ұсынымдарын) іске асыруға жәрдемдесу;

3) Кеңестің ұсыныстары (ұсынымдары) туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) және өзге де тұлғаларға жариялауға жәрдемдесу;

4) Кеңестің өз қызметін жүзеге асыру барысында белгілі болған заңмен қорғалатын, шектеулі пайдаланудағы ақпаратты жария етпеу (таратпау);

5) Осы Ереженің нормаларын сақтау.

12. Кеңес мүшелері Кеңесте өз жұмыстарын атқарғаны үшін ақы алмайды.

Кеңес төрағасының және Кеңес төрағасы орынбасарының осы Ережеде айқындалған функцияларынан туындайтын ерекшеліктері ескеріле отырып, Кеңестің барлық мүшелері тең құқықтарға ие.

Кеңес мүшелерінің өз құқықтары мен міндеттерін бөлісуге құқығы жоқ.

13. Кеңес мүшелеріне зейнетақы жинақтарының құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерге, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратқа қатысты мәліметтерге қолжетімділік берілмейді.

14. Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру, Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі және Қор қызметі мәселелері бойынша көпшілік алдында (оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-кеңістікте және т.б.) сөйлей отырып немесе өзге адамдарға осындай мәселелер бойынша түсініктемелер бере отырып, Кеңес мүшесі бұл оның жеке пікірін білдіретінін ескертуге міндетті. Кеңес мүшелерінің Кеңестің ресми шешімдері мен Қордың жауаптарын, сондай-ақ Кеңестің шешімдеріне сәйкес өзге де ақпаратты жұртшылыққа жеткізуге құқылы.

15. Кеңес мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Ереженің талаптарын сақтамағаны үшін жауапты болады.

### **3-тарау. Кеңесті Құру**

16. Кеңес жеке тұлғалардан құрылады:

1) коммерциялық емес ұйымдардың: қоғамдық бірлестіктердің, қорлардың, заңды тұлғалар қауымдастықтарының (одақтарының) өкілдерінен (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйымдар);

2) БАҚ өкілдерінен (журналистер);

3) қаржы нарығында және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру саласында сараптамалық жұмыс тәжірибесі бар қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар, құқықтанушылар, экономистер, қаржы нарығының сарапшыларынан.

17. 18 жасқа толған, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ және осы Ереженің 16-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы Кеңес мүшесі бола алады.

Мемлекеттік қызметшілер, Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері кеңес мүшесі бола алмайды.

18. Кеңестің құрамы 21 адамнан аспауы тиіс.

Кеңесті қалыптастыру нәтижелері және оның құрамы туралы мәліметтер Қордың интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

19. Кеңес мүшелігіне кандидаттар тізіміне:

1) коммерциялық емес ұйымдар мен БАҚ өз өкілдері ретінде ұсынған;

2) Кеңес жұмысына қатысуға өзі өтініш берген;

3) Қор шақырған тұлғалар енгізіледі.

20. Жеке тұлғаны Кеңес мүшелігіне үміткерлер тізіміне енгізу үшін:

1) коммерциялық емес ұйымның (коммерциялық емес ұйымдардың) немесе БАҚ-тың тиісті жазбаша ұсынысы (егер бұл адам коммерциялық емес ұйымның немесе БАҚ өкілі ретінде ұсынылса) болуы тиіс;

2) осы адамның Кеңес құрамына өз кандидатурасын ұсыну туралы еркін мәтінде жазылған өтініші (егер осы адам кеңес жұмысына қатысуға ниеті туралы өзі өтініш берген болса) болуы тиіс;

3) осы адамның өмірбаяндық деректері көрсетілген оның кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер (осы Ережеге қосымшаның нысаны бойынша) болуы тиіс;

4) осы Ереженің қосымшасына сәйкес сауалнама болуы тиіс.

21. Осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген құжаттар келесі жағдайда ұсынылады:

1) Кеңес мүшелігіне үміткерлердің бастапқы тізімін жасау кезінде – Қордың жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімшесі;

2) Кеңес мүшелігіне үміткерлердің бастапқы тізімінен басқа тізімін жасау кезінде – Кеңес хатшысына беріледі.

22. Кеңес мүшелігіне үміткерлердің бастапқы тізімін Қордың жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімшесі жасайды.

Кеңес мүшелігіне үміткерлердің бастапқы тізімінен басқа тізімдерді Кеңес хатшысы жасайды және Қордың Кеңеспен немесе оның орнындағы адаммен өзара іс-қимылына жауапты Кеңес төрағасымен және Қордың Басқарма мүшесімен келісілуі тиіс.

23. Кеңесті бастапқы құру кезінде оның құрамы осы Ереженің 18-тармағының бірінші абзацында белгіленген шектеуді негізге ала отырып, ұжымдық талқылау нәтижелері бойынша Кеңестің бірінші отырысында бекітіледі. Бұл ретте Кеңес мүшелігіне үміткерлер тізіміне енгізілген, бірақ Кеңес құрамына кірмеген адамдар оның мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Кеңес мүшелерін кейінгі сайлауға қатысу үшін резервке қойылады.

24. Кеңестің бастапқы құрылуынан өзге жағдайда ол Кеңестің құрамына алғаш рет екі жылдан астам уақыт бұрын кірген Кеңестің жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату және Кеңес мүшелігіне үміткерлер тізіміне енгізілген адамдар қатарынан Кеңестің жаңа мүшелерін сайлау арқылы оның құрамын өзгерту туралы Кеңес шешімдерін қабылдау жолымен құрылады, бұл ретте:

1) Кеңес хатшысы осы Ереженің 16, 17, 19-22-тармақтарына сәйкес екі жылда бір рет (Кеңес төрағасымен және Қордың Кеңеспен өзара іс-қимылына жауапты басқарма мүшесімен немесе оны алмастыратын адаммен келісім бойынша) Кеңес мүшелігіне үміткерлердің жаңа тізімін жасау туралы хабарландыру жариялайды;

2) Кеңес құрамы жаңартылған кезде өкілеттіктері тоқтатылатын, қолданыстағы құрам кеңесі мүшелерінің жалпы санының 1/3 мөлшерінде Кеңес мүшелерін айқындау мақсатында Кеңес екі жылда бір рет өз мүшелерінің дауыс беруін өткізеді;

3) Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген дауыс беру бюллетеньдер бойынша өткізіледі, ал өкілеттіктері кеңес құрамын жаңарту кезінде тоқтатылатын кеңес мүшелері көпшілік дауыс жинаған (берілген дауыстар санының кему тәртібімен) және қолданыстағы құрам Кеңесінің барлық мүшелерінің тізімінде бірінші 1/3 орын алған Кеңес мүшелері болып есептеледі.

25. Кеңес мүшесін құрамнан шығарған (алып тастаған) жағдайда оның өкілеттігі мынадай негіздер бойынша Кеңестің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

1) өзі берген өтінішке сәйкес өз қалауы бойынша;

2) мүшелікті Кеңес мүддесіне қайшы пайдаланғанда;

3) бір күнтізбелік жыл ішінде немесе Кеңестің осы мүшесі Кеңес отырыстарында қатарынан екі реттен артық болмаған жағдайда, дәлелді себепсіз Кеңес отырыстарының 50 және одан да көп пайызына қатыспағанда;

4) Кеңес мүшесінің осы Ереженің 16 және 17-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келмеуіне, сондай-ақ осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген анық емес мәліметтерді ұсынуға әкеп соғатын мән-жайлар болған кезде;

5) Осы Ереженің 11 және 14-тармақтарында көзделген нормалардың бұзылуына байланысты.

26. Кеңес мүшесінің өкілеттігі осы Ереженің 9-тармағының 8) тармақшасына немесе 25-тармағына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Кеңес өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған Кеңес мүшесінің орнына Кеңестің жаңа мүшесін сайлау мақсатында дауыс береді. Кеңестің жаңа мүшесі осы тармақтың екінші абзацында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Ереженің 23-тармағына сәйкес резервке алынған адамдар арасынан сайланады.

Кеңестің жаңа мүшесін сайлау мүмкіндігі болмаған жағдайда осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес Кеңес хатшысы (Кеңес төрағасының және Қордың Кеңеспен өзара іс-қимылына жауапты Қордың Басқарма мүшесінің немесе оны алмастыратын адамның келісімі бойынша) осы Ереженің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған Кеңес мүшесінің орнына Кеңестің жаңа мүшесін сайлау мақсатында 16, 17, 19-22-тармақтарға сәйкес кеңес мүшелігіне кандидаттардың жаңа тізімін жасау туралы хабарландыру жариялайды.

27. Кеңес жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін Кеңес талқыланатын мәселелердің сипаты бойынша жұмыс топтарын (Кеңес мүшелерінің арасынан) құра алады. Жұмыс тобы жұмыс тобының жетекшісі мен хатшысын өзі таңдайды. Жұмыс тобы қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол Кеңес Төрағасына және Кеңес хатшысына жіберіледі.

#### **4-тарау. Кеңес төрағасы, Кеңес төрағасының орынбасары, Кеңес хатшысы**

28. Кеңес жыл сайын өз мүшелерінің арасынан Кеңес төрағасын және Кеңес төрағасының орынбасарын сайлайды.

Кеңес төрағасы мен Кеңес төрағасының орынбасары Кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданатын Кеңестің шешімімен бір жыл мерзімге сайланады. Кеңес төрағасын және Кеңес төрағасының орынбасарын сайлау туралы шешімдер отырысқа қатысатын Кеңес мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

29. Кеңес төрағасы:

1) Кеңес жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде (бірақ онымен шектелмейді) Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде Кеңес жұмысының жоспарын, отырыстардың күн тәртібінің жобаларын бекітеді, Кеңес отырыстары өтетін күнді белгілейді;

2) Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;

3) Кеңес атынан құжаттарға, сондай-ақ Кеңес туралы ережеге және оларды Кеңес бекіткеннен кейін оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қол қояды;

4) Қордың кеңес ұсынымдарын қарау нәтижелерін және Қордың жүзеге асырған іс-шаралары туралы ақпарат алуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Кеңестің жұмысы туралы жылдық есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді;

6) осы Ережеге сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

30. Кеңес төрағасының орынбасары:

1) Кеңес төрағасына Кеңес жұмысын ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді;

2) Кеңес төрағасы болмаған жағдайда Кеңес отырыстарына төрағалық етеді және Кеңес атынан құжаттарға, сондай-ақ Кеңес туралы ережеге және оны Кеңес бекіткеннен кейін оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қол қояды;

3) жұртшылық пен кеңес мүшелерінің ұсыныстарын жинау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

4) Кеңес төрағасымен бірлесіп, Кеңестің жұмысы туралы жылдық есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді;

5) осы Ережеге сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

31. Кеңес хатшысы Қордың жұртшылықпен байланыс бөлімшесінің қызметкері болып табылады.

32. Кеңес хатшысы:

1) Кеңес отырысының күн тәртібінің жобасына енгізу үшін мәселелер тізбесін дайындайды және бұл жобаны бекіту үшін Кеңес төрағасына ұсынады;

2) Кеңес отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

3) Кеңес отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар дайындауды жүзеге асырады;

4) Кеңес отырысының хатшысы ретінде әрекет етеді;

5) Кеңес отырысының хаттамасын жасайды және қол қойылған Кеңес отырысының хаттамасын оның мүшелеріне жібереді;

6) Кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдерін бақылайды;

7) Осы Ереженің 8-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ақпарат пен материалдардың Қордың интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етеді;

8) Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы, оның ішінде Қордың Кеңес ұсынымдарын қарау нәтижелері және Қордың жыл қорытындылары бойынша немесе кез келген күнге (Кеңес шешімі бойынша) жүзеге асырған іс-шаралары туралы ақпаратты Кеңеске ұсынады;

9) осы Ережеге сәйкес немесе одан туындайтын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

## **5-тарау. Кеңес жұмысын ұйымдастыру негіздері.**

### **Кеңес отырысын әзірлеу және өткізу**

33. Кеңес жұмысының жоспары Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады және оны Кеңес төрағасы тоқсан сайын, жыл сайын немесе өзге де кезеңдік негізде бекітеді.

34. Кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыс болып табылады.

Кеңестің өткізілетін орны бойынша отырысқа қатыса алмайтын мүшелері Кеңес отырысына конференцбайланыс (аудио-, бейнеконференция, веб-конференция) арқылы қатыса алады.

35. Кеңестің отырыстары, кеңестің көшпелі отырыстарын өзге жерлерде өткізуді талап ететін жағдайларды қоспағанда, Қордың орналасқан жері бойынша Алматы қаласында өткізіледі.

Қор Кеңес мүшелерінің Кеңес отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарын төлемейді және өтемейді.

36. Қормен тұрақты коммуникацияларды қамтамасыз ету, ақпарат алу және зерделеу мақсатында Қор Басқарма мүшелерінің бірі Кеңестің отырысына қатысуы міндетті.

Кеңес отырыстарына Қордың өзге де лауазымды адамдары мен қызметкерлері, сондай-ақ осы Ереженің 7-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген адамдар шақырылған адамдар ретінде қатыса алады.

Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, сондай-ақ осы Ереженің 7-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген кеңес отырысына шақырылған адамдар Кеңес талқылайтын мәселелер бойынша пікір білдіруге, отырысқа басқа қатысушылардың сөйлеген сөздеріне түсініктеме беруге, қажетті ақпарат беруге құқылы.

37. Кеңес отырыстары қажеттілік бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Кеңестің кезектен тыс отырыстары Кеңес мүшелерінің бастамасы немесе Кеңес төрағасының шешімі бойынша шақырылады, олардың саны Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 30% (отыз пайызын) құрайды.

Кеңес хатшысы Кеңес мүшелерін Кеңестің шақырылуы және осы отырыстың күн тәртібінің жобасы (оның ішінде Кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылатын) туралы, Кеңес отырысының өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы көрсетілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдар Кеңес мүшелеріне Кеңес отырысы басталғанға дейін ұсынылады.

38. Кеңес отырысы оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

Кеңестің ұсынымдары мен ұсыныстары, егер олар үшін отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қолдап дауыс берсе қабылданды деп есептеледі. Дауысты жүзбе-жүз және алыстан беру мүмкіндігі бар. Дауыстарды жинау жауапкершілігі Кеңес Төрағасына жүктеледі. Талқыланатын мәселені кеңес мүшелерінің жартысынан астамы қолдамаған жағдайда бұл мәселе күн тәртібінен алынады және Кеңес атынан Қорға жолданбайды.

39. Кеңес отырысын Кеңес төрағасы немесе ол болмаған жағдайда Кеңес төрағасының орынбасары, ал Кеңес төрағасы мен Кеңес төрағасының орынбасары бір мезгілде болмаған жағдайда Кеңес отырыстың төрағасы ретінде сайлаған Кеңес мүшесі жүргізеді.

40. Қаралатын мәселелер бойынша Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы (осы Ереженің 24-тармағының 2) тармақшасында белгіленгендерді қоспағанда) оның отырысына қатысатын Кеңес мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының немесе ол болмаған жағдайда Кеңес төрағасы орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

41. Кеңес қабылдаған шешімдер отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Кеңес отырысы өткен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Кеңес отырысының хаттамасы жасалып, отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қойып, Қордың интернет-ресурсында жариялануы тиіс.

42. Кеңес отырыстарының қол қойылған хаттамаларының түпнұсқалары, Кеңес отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың бақылау даналары, Кеңестің кіріс хат-хабарларының түпнұсқалары және Кеңестің шығыс хат-хабарларының бақылау көшірмелері, кеңестің және оның жұмыс топтарының өзге де құжаттары Қордың жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімшелерінде сақталады.

## **6-тарау. Басқа ережелер**

43. Кеңес хатшысы Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша Қордың интернет-ресурсында тиісті ақпаратты жариялау арқылы жұртшылықты:

- 1) Кеңес құрамы туралы, Кеңес құрамындағы өзгерістер туралы;
- 2) Кеңес қабылдаған шешімдер және ол енгізген ұсыныстар (ұсынымдар) туралы;
- 3) Кеңес жұмысына қатысты және қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер туралы хабардар етеді.

44. Осы Ереже, оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар Кеңестің шешімдерімен бекітіледі.

**Кеңес төрағасы**

**Е. Сейпульник**

**"Бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қоры"  
акционерлік қоғамының  
Қоғамдық кеңесі  
туралы Ережеге**



**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы  
Қоғамдық кеңес мүшелігіне үміткердің**

**САУАЛНАМАСЫ**

1. Жалпы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Азаматтығы	
Жеке сәйкестендіру нөмірі	
Ұялы телефон нөмірі, электрондық поштасы	
Мен өкілі болып табылатын коммерциялық емес ұйымның немесе бұқаралық ақпарат құралының атауы	

2. Білімі туралы мәліметтер

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі болған жағдайда)
1.				
2.				

3. Соңғы үш жылдағы еңбек өтілі туралы мәліметтер

№	Жұмыс істеген кезеңдер (айы, жылы)	Жұмыс орны	Қызметі
1.			
2.			
3.			

Осы сауалнамаға қол қою арқылы мен:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығым жоқ екенін;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес маған қатысты қолданылатын лауазымдарға орналасуға және қызмет түрлерін жүзеге асыруға шектеулердің жоқ екенін;
- 3) осы сауалнамада келтірілген мәліметтердің дұрыстығын;
- 4) - "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесіне (бұдан әрі – Кеңес) қатысу өтеусіз негізде жүзеге асырылатынынан;  
- Кеңес отырыстары Алматы қаласында өткізілетінінен және менің тұратын жерім Кеңес отырыстарына қатысуға кедергі келтірмейтінінен хабардар екендігімді;
- 5) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – БЖЗҚ), БСН 971240002115 осы сауалнамада берілген менің жеке деректерімді  
- мені Кеңес мүшелігіне үміткерлер тізіміне енгізу;  
- мені Кеңес құрамына сайлау туралы мәселені қарау үшін Кеңес мүшелеріне, Кеңеспен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын БЖЗҚ қызметкерлеріне, Кеңес отырысына шақырылған үшінші тұлғаларға беру мақсатында;  
- мені Кеңес мүшесі ретінде сайлаған жағдайда БЖЗҚ-ға менің жеке деректерімді;

- Кеңестің құрамы немесе қызметі туралы мәліметтерді БЖЗҚ интернет-ресурсында немесе бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ менің Кеңеске мүшелігім туралы сілтеме жасай отырып, үшінші тұлғаларға жолданған өтініштердің мәтінде жариялау;
- БЖЗҚ статистикалық, әлеуметтану, ғылыми, маркетингтік және өзге де зерттеу-талдау жұмыстарын жүргізу, менің дербес деректерім иесіздендірілген жағдайда;
- БЖЗҚ-да осы сауалнаманы, сондай-ақ оның электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде БЖЗҚ-да құжаттарды сақтау үшін көзделген мерзімге цифрлық жеткізгіштерде немесе БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелерінде сақтау үшін осы сауалнамада келтірілген өзімнің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге өзімнің келісімімді беретінімді растаймын.

Осымен дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісім осы сауалнамада көрсетілген мәліметтер өзгерген немесе толықтырылған жағдайда мен ұсынған дербес деректерге де қолданылатынын растаймын.

**Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)**

Қолы \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл